

Мемлекет басшысы
салтанатты жиынға
қатысты

3

«Қазақойл Ақтөбе»
компаниясына – 20 жыл!

4

Отчет по выбросам
парниковых газов КМГ

10

Рекомендации
по поведению в
социальных сетях

12

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 09
Qyrkıiek
2019 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады

ҮЗДІК МАМАН – 2019



ҚМГ және ЛУКОЙЛ бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы келісті



Осы жылдың 20 қыркүйегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Президенті Вагит Алекперов Қазақстан Республикасы аумағында бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы келісімге қол қойды. Құжатқа қол қою рәсімі В.Алекперовтың Алматы қаласына сапары аясында өтті.

Компаниялар ынтымақтастықтың негізгі шарттары бойынша келісіп, Қазақстан Республикасы аумағындағы кейбір учаскелердің көмірсутекті әлеуетін бағалау мақсатында бірлескен геологиялық зерттеу жүргізуге дайын екендерін білдірді.

«ҚазМұнайГаз бен ЛУКОЙЛ-ды өзара тиімді серіктестік қатынастар байланыстырады. Бүгін қол қойылған келісім – осы серіктестігімізді дамытудың кезекті қадамы. Екі

компанияның мол тәжірибесі мен іс-әрекетінің ұштасуы бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізуге және жалпы еліміздің мұнай-газ саласының тұрақты дамуына оң әсерін тигізетініне сенімдімін», – деді ҚМГ басшысы А.Айдарбаев.

ҚМГ мен ЛУКОЙЛ «Қарашығанақ», «Теңіз», «Құмкөл» ірі мұнай жобалары, сонымен қатар «Каспий Құбыр Консорциумы» мұнай тасымалдау жобасы бойынша стратегиялық серіктестер болып табылады. Айта кетейік, 2019 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және ЛУКОЙЛ арасында «Жеңіс» теңіз жобасында көмірсутек шикізатын барлау және өндіру туралы келісімшартқа, ал маусым айында «I-P-2» жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойылған болатын. **М**

Қазыналы қарашаңырақ

Биыл еліміз үшін айтулы кезең. Қазақтың кең сахарасында тұңғыш «қара алтын» осыдан жүз жиырма жыл бұрын, яғни, 1899 жылы Атырау өлкесіндегі Қарашүңгіл құрылымындағы №7 ұңғымадан 40 м тереңдіктен алынды. Пайдалану мерзімінде ұңғыдан 5 мың тонна болатын мұнай алынып, Ембі аймағында мұнайдың өнеркәсіптік қоры бар екендігі дәлелденді. Міне, Қазақстанда мұнай-газ саласының тарихы осылай бастау алды. Бүгінгі күні мұнай-газ саласы ел экономикасының күретауы саналады. Осы айтулы мерекеге орай еліміз бойынша ауқымды шаралар ұйымдастырылып, мерейлі той кең көлемде аталып өтті. Атап айтсақ, мерейтойлық шаралар Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Ақтөбе, Жаңаөзен, Ақтау қалаларында думандатып ұйымдастырылды. Республикалық шаралар легі 1-қыркүйек күні мұнайлы астана – Атырауда қорытындыланды. Мерекелік шаралар ҚР Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KAZENERGY» қауымдастығы, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның және Атырау облысындағы ірі мұнай-газ компанияларының қолдауымен ұйымдастырылды.

Қазақ мұнайының бастауы – Қарашүңгіл

Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шаралар легі Жылыой ауданының аумағындағы Қарашүңгіл жерінде жалғасты. «Ембімұнайгаз» АҚ мен NCOC компаниясының басшылығы, ардагерлер мен мұнайшылар 1899 жылы қазақ даласындағы тұңғыш мұнай өндірісімен танылған құтты мекен – Қарашүңгіл қорымындағы жаңартылған ескерткіш тұлғаның ашылуына қатысты. Салтанатты шарада сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қонақтар мен ардагерлерге ембілік мұнайшылардың ыстық ықыласын жеткізе отырып, Компанияның бүгінгі таңдағы қол жеткізген табыстарына қысқаша тоқталды.



«Ғасырдан астам уақыт жер қойнауын игеріп келе жатқан кәрі Ембі өндірісіне екінші тыныс беретін ауқымды шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Кен алаңдарында өндірілетін мұнай көлемін арттыра отырып, қорды ұлғайтуға қол жеткізуге мүмкіндік беретін тың жобалар батыл қолға алынуда. Ембі өндірісіндегі тың бастамалар өзінің тиімді нәтижелерін көрсетіп жатыр», – деді Әнуар Еркінұлы Компаниядағы табысты жұмыс ұжым бірлігінің нәтижесі екендігіне баса мән берді.

Майталман мұнайшыға – ескерткіш

1-қыркүйек күні Атырау қаласы, Баймұханов көшесі 45А мекен-жайында орналасқан Атырау мұнай-газ университетінде Қазақстанның батысындағы көптеген кен алаңдарының алғашқы ашушысы Сафи Өтебаевтың ескерткіш тақтасы ашылды. Майталман мұнайшының есімі оқу ордасына осы жылдың ақпан айында берілген болатын. Салтанатты шарада Атырау облысы әкімінің

орынбасары А.Крамбаев, «KAZENERGY» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті директорлар кеңесінің төрағасы Ұ.Қарабалин, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков, С.Өтебаевтың қызы С.Өтебаева және мұнай-газ саласының ардагерлері құттықтау сөз сөйледі.

– Бүгін біз үшін ерекше күн. Біз қазақ мұнай-газ саласының негізін қалаушы – Сафи Өтебаевқа үлкен құрмет көрсету үшін жиналды. Сафи Өтебаев мұнай кеніштерін алғашқы ашушылармен бірлесе отырып, еліміздің мұнай-газ кешенінің негізін қалады, – деп атап өтті өз сөзінде «KAZENERGY» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті директорлар кеңесінің төрағасы Ұзақбай Қарабалин.

– Біз бүгін тарихи маңызы зор шараға куә болып отырмыз. Ембі кеніштері Құлсары, Комсомол, Прорва, Қаратон және еліміздің батысындағы көптеген кен алаңдарының алғашқы ашушыларының және ұлттық мұнай-газ саласының негізін қалаушыларының бірі

Сафи Өтебаевтың ескерткіш тақтасының ашылу салтанатына қатысудамыз. Ол келешегі зор шешімдерді дер кезінде қабылдай білуімен ерекшеленді. Ембіліктер атынан Сафи Өтебаевтың туған-туыстарын, ардагер-мұнайшыларды ескерткіш тақтаның ашылу салтанатымен құттықтаймын. Жас мамандар алғашқы мұнайшылардың есімдерін білуімен қатар оларға әрдайым құрмет көрсетулері тиіс, – деді өзінің кіріспе сөзінде ЕМГ басшысы Әнуар Жақсыбеков.

Ескерткіш тақтаның ашылуы мен гүл шоқтарын қою рәсімінен соң меймандар жақында ғана мұнай-газ факультетінде ашылған С.Өтебаев атындағы мұражайда болды.

Заманауи үлгідегі жаңа нысан

Бұдан кейін жиналғандар «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС «Каспиймұнайгаз» филиалының жаңа кеңсесінің ашылу салтанатына қатысты. Ғимараттың құрылысы 2018 жылдың қыркүйек айында басталған. Төрт қабатты ғимарат халық үшін ғылымның қашанда ашық екенін дәлелдейтін ашық кітап нұсқасында салынған.

Бірінші қабатта – әкімшілік-шаруашылық қызметі, 160 орындық акт залы, екінші қабатта – мұнай өндіру бойынша зерттеу жұмыстарының блогы орналасқан. Үшінші қабатта – өндіріс блогының мамандары, геологиялық-геофизикалық, жаңа технологияларды енгізу жұмыстарының жауапты мамандары, төртінші қабатта – университет басшылығы мен жобалау жұмыстарының блогы орналасқан.

Ғимарат аумағында 50 орындық автотұрақ бар. Ғимаратқа көрші АРЕС Petrotecnic колледжі, Назарбаев атындағы зияткерлік мектебі, «Мирас» балабақшасы және QSI халықаралық мектебі орналасқан. Лента қию рәсімінен соң ғимаратпен танысу шарасы өтті. Одан кейін университет қызметі жөнінде дайындалған деректі фильм көрсетілді. **М**

ҚМГ және Equinor зерттеу жұмыстарын бірлесіп жүргізеді

2019 жылдың 24 қыркүйегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Equinor ASA компаниясының барлау бойынша аға вице-президенті Торе Лоземен кездесті.

Кездесу барысында қатысушылар Қазақстан мен Норвегияның мұнай-газ саласындағы серіктестігінің маңызын атап өтті және келешекте ықтимал жер қойнауын пайдалану жөнінде келісімшартқа отыру мақсатында Қазақстан Республикасы аумағындағы кейбір мұнай-газ учаскелерінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынтымақтасуға келісіп, екі компания арасында ұзақ мерзімді және өзара тиімді серіктестік аясында бірлескен зерттеу

жұмыстарын жүргізу туралы Келісімге қол қойылды.

Құжатқа ҚМГ Аппарат басшысы – Даму жөніндегі басқарушы директоры Дастан Абдулғафаров және Equinor барлау бойынша аға вице-президенті Торе Лозе қол қойды. Келісім Қазақстан Республикасы аумағында мұнай-газ учаскелерінің көмірсутек әлеуетін бағалау мақсатында геологиялық және геофизикалық іздестіру жұмыстарын жүргізуді көздейді.

«Келісім келешекте өзара тиімді серіктестіктің негізі болады деп сенеміз. Екі компания Қазақстанда барлау және өндіру келісімшарттары бойынша Equinor-дың стратегиялық серіктесі ретінде қатысуын қарастыруға дайын», – деді А. Айдарбаев. **М**



Мемлекет басшысы Қазақстан мұнай-газ саласының 120 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынға қатысушыларға ілтипат білдіріп, еліміздегі мұнай-газ кешенінің барша еңбеккерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

www.akorda.kz

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің терең әрі даңқты тарихы жөнінде айта келіп, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында еліміздің тәуелсіз мұнай-газ индустриясын қалыптастыру үдерісінде қиындықтарға тап болғанын еске салды. Осы орайда бұл саланы

дамыту үшін шетелден капитал тарту ісіндегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың орасан зор еңбегін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің жетістіктеріне қысқаша тоқталып өтті. Соның ішінде, Президент мұнай саласында заманауи технология мен озық тәжірибені меңгерген отандық мамандардың қатары

көбейгенін айтты. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы Chevron, ExxonMobil, Shell, Лукойл, Eni, Total, CNPC сияқты корпорациялармен және басқа да компаниялармен ірі жобаларды табысты жүзеге асырып келеді.

Президент отандық мұнайшылардың ұрпақ сабақтастығына арнайы тоқталды. Ол Қазақстан мұнай өнеркәсібінің негізін қалаушы, Атырау мұнай-газ университетіне аты берілген Сафи Өтебаевтың осы саланың қалыптасуына зор үлес қосқанын атап өтті. Президент мұнай-газ саласындағы қызметкерлердің жинаған тәжірибесі мен білімі азаматтарымыздың тұрмысын одан әрі гүлдендіруге және жақсартуға септігін тигізетін маңызды салалық жаңғырту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді деп санайды.

Баяндамада мұнайшылар шешуге тиісті бірқатар маңызды міндеттер айтылды.

– Саланы дамытудың стратегиялық жоспарына сәйкес, 2025 жылға қарай мұнай өндіру жылына 100 миллион тоннадан, ал газ жылына 77 миллиард текше метрден асуы тиіс. Осы мақсатта 2021-2025 жылдарға арналған ауқымды геологиялық барлау бағдарламасы әзірленуде. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстанның жалпы ресурстық әлеуеті 75 миллиард тонна шартты отын болса, Орталық және Солтүстік Қазақстанның әлеуетті ресурсы шамамен 18 миллиард тоннаны құрайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның дайын мұнай өнімдерін сату ісіндегі көшбасшылардың бірі болуы тиіс деген пікір білдірді. Оның айтуынша, бұл Үкіметтің алдағы жылдардағы атқаратын басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте, Президент осы салаға инновацияларды енгізуге, шикізат өндіру және оны өңдеу үдерісінің экологиялық тазалығын арттыруға назар аудару қажеттігін атап өтті.

– 2025 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 пайызға және одан да жоғары деңгейде қамтамасыз ету көзделіп отыр. Бұл менің Қазақстан халқына арналған Жолдауымда айтылды. Осы мақсаттарға қол жеткізу барысында еліміздің мұнай-газ секторы үлкен рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсім соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ өнеркәсібінің үздік 41 қызметкерін марапаттады. **М**



КазМунайГаз на Kazakhstan Energy Week



С 23 по 29 сентября столица республики принимала у себя Kazakhstan Energy Week 2019. Организатор мероприятия – Ассоциация Kazenergy при поддержке Правительства Республики Казахстан. Kazakhstan Energy Week 2019 является новым проектом в энергетической области Казахстана, главной задачей которого является грамотно консолидировать разрозненные мероприятия в энергетической отрасли Казахстана на единой площадке, создав наилучшие условия для эффективной работы, обмена опытом и делового общения между участниками.

АО НК «КазМунайГаз» стало генеральным партнером проекта.

В рамках выставки «Digital Energy» 24 сентября компания презентовала всем участникам свой стенд, на котором были продемонстрированы современные технологии компании в сфере цифровизации. Посетители мероприятия получили максимум информации о деятельности КМГ в виде интерактивной презентации.

Кроме того, с 24 по 25 сентября на площадке форума Kazenergy прошел «Симпозиум SPE: Охрана труда, промышленная безопасность, охрана окружающей среды и социальная ответственность в Каспийском регионе», основным организатором которого выступил КМГ. В мероприятии приняли участие технический директор

SPE Йохана Данлоп, министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзум Мирзағалиев, председатель Правления КМГ Алик Айдарбаев, управляющий директор NCOC Ричард Хоув, генеральный директор Kazenergy Болат Акчулаков, директор по безопасности Международной ассоциации производителей нефти и газа Олав Скар, а также более 300 представителей нефтегазовых компаний Каспийского региона, региональные и мировые эксперты промышленной безопасности. Ключевыми темами обсуждений стали вопросы рационального использования природных ресурсов, социальная и экологическая ответственность. Участники обменялись опытом внедрения инноваций в области промышленной безопасности.

Отметим, что КМГ неслучайно стал организатором мероприятия, так как сегодня в компании сфокусированы на упреждающих действиях, которые способствуют предотвращению травм, несчастных случаев и негативного воздействия на экологию. Только с начала 2019 года случаи производственного травматизма снижены на четверть. Однако компания продолжает совершенствоваться и непрерывно ищет новые методики для достижения нулевых показателей случаев травматизма.

«КазМунайГаз» стремится соответство-

вать высоким стандартам производственной безопасности, мы делаем все для того, чтобы эта культура крепла и росла. И эти усилия уже дают результаты – за последние 5 лет мы достигли прогресса в области промышленной безопасности и охраны труда. Мы непрерывно будем продолжать работать над достижением нашей цели – 100% безопасности», – отметил А.Айдарбаев.

26 сентября председатель Правления КМГ А.Айдарбаев принял участие в интерактивной дискуссии «Будущее нефти: реальность и прогнозы». В обсуждении насущных тем нефтегазовой отрасли также приняли участие министр энергетики РК Канат Бозумбаев, генеральный секретарь ОПЕК Мохаммед Баркиндо, старший вице-президент ЭксонМобил Апстрим Ойл энд Газ Том Шуслер, генеральный директор Эни СПА Алессандро Пулити и другие мировые эксперты и представители нефтегазовых компаний.


В рамках дискуссии были подняты такие вопросы, как пик потребления нефти в

мире, изменение географии спроса и предложения нефти в ближайшие годы, новая энергетическая реальность и ее влияние на топливно-энергетический комплекс Казахстана, цена на нефть и другие.

«В ходе дискуссии были обсуждены актуальные для «КазМунайГаза» вопросы и проблемы, это и цена на нефть, и нестабильность на мировых энергетических рынках. В целом хотел бы отметить, что текущий коридор цен на нефть в пределах 60-70 долларов вполне приемлем для «КазМунайГаза», – пояснил А.Айдарбаев.

Стоит отметить, что работники группы компаний «КазМунайГаз» выступили спикерами и приняли участие в качестве экспертов во всех конференциях и сессиях Kazakhstan Energy Week 2019.

Планируется, что в 2021 году World Energy Week и Kazakhstan Energy Week/XIII Евразийский Форум Kazenergy будут проведены на единой площадке в г. Нур-Султан, что позволит объединить общие цели и выработать новые механизмы дальнейшего развития мировой энергетики. **М**





«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 20 жылдық мерейтойын үлкен жетістіктермен қарсы алды!

Қыркүйектің 20-сы күні «Қазақойл Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің 20 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Жалпы мерекелік шаралар бұған дейін басталып кетті. Қыркүйектің 18-де мекеме бас директоры Қожасай кен орнына барып, мұнайшыларды құттықтап, үздік мамандарды марапаттады. Одан кейін қыркүйектің 19-шы жұлдызында «Әлібекмола» кен орнында 2010 жылдың мамыр айында салынған капсуланы салтанатты ашу рәсімі ұйымдастырылды.

Бұл капсуланы сол кездегі Ақтөбе облысының әкімі «Әлібекмола» кен орнында газ зауыты мен «Қожасай» кен орнында газ дайындау қондырғысының құрылысы басталуының құрметіне салды. Капсула Компанияның 20 жылдық мерейтойында ашылуы тиіс еді.

Бүгінде «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС Ақтөбе облысындағы мұнай саласының ең ірі компанияларының бірі болып танылды. Компания озық технологияларды қолданып, мұнай өндірудің жоғары деңгейін ұстап тұр. Кәсіпорын 117 ұңғыманы игеріп, жыл сайын 630 мың тоннадан астам мұнай өндіреді.

20 жыл және 15 миллион

Ақтөбе облысында Мұғалжар ауданында Әлібекмола және Қожасай кен орындары өткен ғасырдың 80-жылдары ашылды. Күрделі геологиялық құрылымы, мұнайының құрамындағы күкірт сутегі мен меркаптанның жоғары болуы салдарынан оларды игеру қиын болды. Тек 1999 жылы «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС құрылғаннан кейін оларды игеруге мүмкіндік туды.

Компания бірден тиімді стратегияны таңдады: күрделі тау-кен геологиялық құрылымын, мұнай құрамында күкіртті сутек пен меркаптандардың жоғары мәнін ескеретін инновациялық технологиялық шешімді анықтап, белгіледі. Жетістіктің негізінде кәсіби мамандар, мұнай өндірудің алдыңғы қатарлы технологияларын қолдануға ұстанған бағыт, сондай-ақ дұрыс әлеуметтік саясат жатыр.

– 2019 жылғы 25 шілде – біз үшін есте қалатын күн. Себебі бұл күн Компаниямыздың тарихында алтын әріппен жазылатыны сөзсіз. Осы күні жоғарыда аталған екі кен орындарын игеру басталған кезден бері 15 миллион тонна мұнай өндірілгені белгіленді. Бұл оқиғаның Қазақстан мұнайының 120-жылдығы мен «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 20-жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келгені өте қуантарлық жәйт! Орын алып отырған жетістік – ең алдымен Компания қызметкерлерінің күн сайынғы қажырлы еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі мен ауызбіршілігінің нәтижесі. Біз осы қарқынмен табысымызды молайту үшін барынша жұмыстанып, еліміздің экономикасының дамуына үлес қосып, халқымыздың әл-ауқатын көтереміз, – деп атап өтті «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС бас директоры Ринат Измұханбет.



Газ зауытының ашылу рәсімі, 2012 жыл

Іргелі істің бастамасы

2001 жылғы қыркүйек айында №51 ұңғымасын сынақтан өткізу ісі басталып, 2001 жылғы 3 желтоқсанда кен орнының бірінші мұнайы алынды.

Әлібекмола кен орнындағы жер қойнауының табиғи байлықтары туралы алғашқы болжам 1959 жылы пайда болды. Іздестіру жұмыстары 1983 жылы басталып, 1986 жылы №5 ұңғыма болжамдарды растады. 1987 жылы кен орнындағы геологиялық-барлау жұмыстарымен қатар, Кеңияқ геологиялық барлау және Мұғалжар ауданындағы Ақтөбе барлау экспедициясы іске кірісіп кетті. Осы кезең саяси және экономикалық дағдарыстармен тұспа-тұс келіп, кен орындарын игеру қарқындырағына кері әсерін тигізді. Соған қарамастан, 1994 жылы Әлібекмола кен орнының қорлары Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын пайдалану министрлігінде бекітілді. Кейін олар резервке қойылды. 1998 жылғы 19 қазанда «Қазақойл» ұлттық компаниясы (қазіргі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) Әлібекмола және Қожасай кен орындарында мұнай-газ конденсатты көмірсутек шикізатын өндіруге лицензия алды. Ондағы өндірілетін мұнай қоры 15,5 млн тонна мөлшерінде бағаланды. 1999 жылғы 28 қыркүйекте «Қазақойл» ұлттық компаниясының директорлар кеңесі «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС еншілес кәсіпорнын құрды. Осы кезеңнен бастап Әлібекмоланы жобалау және игеру жұмыстары басталып кетті.

Заман ағымымен

2012 жылғы 9 желтоқсанда «Қуатты Қазақстанды бірге құрамыз!» атты жалпы ұлттық телекөпірі барысында «Қазақойл

Ақтөбе» ЖШС газ өңдеу зауытын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев іске қосты. Жеделдетілген индустриалды-инвестициялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған жаңа нысан, сол кезеңде еліміздің батысындағы ірі жоба болатын. 150 жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етілген кәсіпорын 2013 жылғы қазанда толық іске қосылды.

– Аталған кешенге екі нысан кіреді: «Әлібекмола» кен орнында өнімділігі жылына 420 млн. текше метр газды кешенді дайындау қондырғысы (УКПГ-50). «Қожасай» кен орнында мұнай дайындау қондырғысының (УПГ-29) өнімділігі жылына 240 мың текше метр. Ол ілеспе мұнай газын кептіруге арналған» – деп түсіндірді компанияның Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Чжао Цзичэнь.

Мұнай өндіру зауыты іске қосылған мерзімнен бастап, 2 млрд текше метрден астам құрғақ тазартылған газ, 141 мың тоннадан астам техникалық пропан-бутан қоспасы, 69 мың тонна тұрақты газ конденсаты және 34 мың тоннадан астам техникалық (түйіршектелген) күкірт өндірілді. Нәтижесінде, ілеспелі мұнай газын толық өңдеу және кәдеге жарату, атмосфераға зиянды шөгінділердің таралуын төмендету және Ақтөбе облысының халқын көгілдір отынмен қамтамасыз ету сияқты аса маңызды шешімдер жүзеге асырылып келеді.

Дүниежүзілік стандарттар бойынша

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС негізгі басымдықтарының бірі – азаматтардың салауатты өмірі мен денсаулығына қолайлы жағдай жасау.

Компания сапа – ISO 9001:2015, экология – ISO 14001:2015, энергоменеджмент – ISO 50001:2011 және еңбекті қорғау – OHSAS 18001:2007 бойынша сапа саласында халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Өндірістік процестердің қоршаған ортаға ықпалын азайту үшін үздіксіз мониторинг жүйесі қолданылады. 2015 жылы Қожасай және Жаркемер елді мекендерінде бақылау станциялары орнатылды. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында ЕҚ және ТҚ іс-шараларына жұмсалған шығындар 175,8 млн теңгені, табиғатты қорғау бойынша іс-шаралар шығындары – 68,5 млн теңгеден астам соманы құрады. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында өрттер, зиянды шөгінділердің таралуы мен төгілу жағдайлары, сондай-ақ жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулар тіркелген жоқ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобы арасында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметі директорларының Ақтау қаласында сәуір айының соңында өткен 20 жылдық мерейтойлық отырысында Ұлттық компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинелли өз сөзінде «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-де соңғы үш жылда өндірісте жазатайым оқиғалар мен жарақат алу жағдайлары тіркелмегендігін атап өтті. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің қызметкерлері қажырлы еңбектері мен жоғары кәсіби шеберліктері үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды.

Адал ниет

Қайырымдылық пен демеушілік көмек – «Қазақойл Ақтөбе» әлеуметтік бағдарламасы басымдықтарының бірі. Қызмет жүргізген барлық жылдары ішінде әлеуметтік жауапты кәсіпорын қайырымдылық акциялардың ғана емес, сондай-ақ әртүрлі қоғамдық бағдарламалардың қатысушысы болып табылады. Мысалы, 2018 жылдан бастап компания жұмысшылары облыс әкімінің бастамасын қолдап, ай сайын Тұрғын үй құрылыс жинақ банкісіндегі алты жетім балалардың шоттарын толтырып отырады. Бұл игі іс кейін, балалар ер жеткесін өз үйлерін сатып алу үшін жүргізіліп отыр. Сонымен бірге балалар үйіне, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларына, Ақтөбе облысының қоғамдық қорларына көмектесу – игі дәстүрге айналды. Жыл сайын «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясына қатысып, Ақтөбе облысында және келісімшарттық аумаққа іргелес елді мекендерде тұратын аз қамтылған, мұқтаж отбасыларының балаларына балалар лагерлеріне жолдамалар алып береді.

Осындай игі істер компания есебінде көптеп саналады. **М**

«Әлібекмола» кен орнынан алынған бірінші мұнай, 2001 жыл



«Әлібекмола» кен орны, 2019 жыл





«Үздік маман» 2019 – Татарстанда!

Қыркүйек айында Татарстан Республикасының Альметьевск қаласында жұмысшы кәсіптерінің форумы аясында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының «Үздік маман-2019» кәсіби шеберлік сайысы өтті. Осы жылы жұмысшы мамандықтарының игі дәстүрлі байқауы «Татнефть» компаниясының өндірістік алаңдарында ұйымдастырылды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы еңбек адамының абырой-беделін арттырып, жұмысшы кәсіптерді дәріптеуге бағытталған «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауын 2016 жылдан бері өткізіп келеді. Биыл отандық мұнайшылар халықаралық деңгейдегі жарысқа алғаш рет қатысты. Шараның басты мақсаты – тәжірибе алмасу және мамандарды оқыту, сондай-ақ екі компания арасындағы өзара ықпалдастықты нығайту.

Төрт күнге созылған байқаудың барысында «ҚазМұнайГаз» тобына кіретін 26 кәсіпорынның 182 қызметкері өз біліктіліктерін сынға салды. Айта кетейік, бұл мамандардың барлығы әрбір мекемеде алдын ала өткізілген

іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары.

Қатысушылар газ бен мұнайды өндіру операторы, жер қабатындағы қысымды сақтау операторы, технологиялық қондырғының операторы, слесарь-жөндеуші, тауар операторы, компрессорлық қондырғының машинисі, технологиялық қондырғылардың машинисі, токарь, цементтеу қондырғысының машинисі, химиялық талдау лаборанты, электр-газбен дәнекерлеуші, электр қондырғыларды жөндеу мен қызмет көрсету бойынша электр монтері, ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы, ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасы және т.б. 18 номинация бойынша бақ сынады.

«Татнефть» компаниясының маман-

дарынан құралған әділ қазылар алқасы қатысушылардың дағдылары мен теориялық білімдерін бағалады.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаев байқаудың салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан Татарстан Президенті Рустам Минниханов пен «Татнефть» ЖАҚ басшысы Наиль Мағановқа қазақ мұнайының 120 жылдығына арналған медальдарды тапсырды.

«Шараны сапалы өткізу үшін барын салған ағайындарға шексіз алғысымызды білідіреміз. Байқаудың нәтижесі бойынша корпоративтік рухымыз күшейіп, мамандарымыз өз кәсіби дағдыларын шыңдап, тәжірибелерін молайтады деген сенімдемін», – деді Д.Қарабаев.

Байқаудың қорытындысы бойынша барлығы дерлік компаниялар жақсы нәтиже көрсетті. Татарстандық әріптестер жерлестеріміздің жоғары кәсібилігі мен дайындықтары деңгейін атап өтті.

«Munaily meken» газетінің ұжымы атынан барлық жеңімпаздарды құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!



» 6-8



Асылбек КУШЕКЕНОВ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Қарсақ мұнай өндіру цехы бригадасының технологиялық қондырғылар операторы, I орын иегері:



– Татарстанның Альметьевск қаласында өткен «Үздік маман» сайысына қатысу үшін жолға жиналғанда өзіме-өзім «тек 1-орынды иеленуім керек» деген мақсатты алға қойдым. Мақсатың айқын болса, табысқа жетуің оңай. Тәжірибелік сыннан өте жақсы өттім, 15 минутта орындау керек тапсырманы 11 минутта, уақытынан бұрын тапсырдым. Бұл сайыста ескерілетін жәйт.

Ал, теорияға келгенде «мұнай эмульсияларының негізгі түрлеріне» арналған сұраққа 2 деп те, 3 деп те жауап беруге болады. Мен мұнай эмульсиясының 3 түрі болады дедім. Әділ қазылар 2 түрі бар деп менің жауабымды қабылдамады. Мен «мұнай эмульсиясының 3 түрі болатынын» айтып, барынша дәлелдедім. Менің дәйекті пікіріме тоқтаған әділ қазылар алқасы біраз уақыт пікірталасан соң «жауапты қабылдауға болады, қате емес, алайда мұнай эмульсиясының негізгі 2 түрі бар» деген жауапты алға тартты. Мен 2-орынды иеленген шығармын деген ойда болдым.

Марапаттау шарасында ең үздік деп аталғандардың арасынан өз есімімді естігендегі қуанышымды көрсейсіздер! Шынымды айтсам, балаша қуандым, себебі, бұл – мен еңбек ететін тұтас ұжымның табысы. Өзіме жүктелген жауапкершілікті үлкен абыроймен орындап келдім.

Нурлан ЕЛАМАНОВ

Оператор по исследованию скважин ТОО «СП «Казгермунай», обладатель I места:

– В ТОО «СП «Казгермунай» я тружусь уже на протяжении шести лет. За годы своей работы в конкурсе принимал участие в 2014 и текущем годах. Оба раза становился победителем внутреннего этапа и участником финала конкурса. Ну а результатом этого года я не просто доволен, я им горжусь! Знаете, там, в Альметьевске, я остро почувствовал, что с опытом ко мне пришла уверенность в себе и своих силах. Именно эта внутренняя уверенность, я считаю, помогла мне выступить столь успешно. Откинув все волнения и переживания на задний план, я смог сконцентрироваться на задачах теоретического и практического этапов и выполнить их на высоком уровне.

**Әділбек КЕНЖЕҒАЛИҰЛЫ**

«Технологиялық көлікті басқару және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС, Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысының көмекшісі:

– Біздің №1 ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасы өз мекемемізде өткен жарыста жеңімпаз атанып, Татарстанға жолдама алды. Бірінші күні әріптесім Ербол Сейілханов теория бойынша 20 сұрақтың 18-іне жауап беріп, командамызды жеңіске бір қадам жақындатты. Ал келесі күні қауіпсіздікті сақтау бойынша практикалық жұмыстарды 11 минут 27 секунд ішінде орындап, 1-ші орынға ие болдық. Берілген тапсырмалардың барлығын мүлтіксіз орындадық. Жалпы, жарыс өте қызықты өтті. Айта кету керек, «Татнефть» компаниясы мұнайшылар күнін керемет тойлайды екен. Кәсіби мерекеміз біздің елімізде де осындай деңгейде мерекеленсе, қуанарлық жайт болар еді.

**Аяжан КУСАИНОВА**

Атырау мұнай өңдеу зауытының «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының мұнай өнімдері мен мұнай зертханасының химиялық талдау лаборанты, II орын иегері:

– Татарстанда өткен сайыстан өте тамаша әсер алдым. Ондағы теориялық білім алмасу, үздік техникалары да ерекше есте қалды. Бұл сайыстың шарттары біздің дайындалған бағытымыздан өзгешелеу болса да, бар білгенімді ортаға салдым. Нәтижесінде екінші орын алдым, бұл көрсеткіш те жаман емес деп есептеймін. Бұдан бөлек Татарстан халқының қонақжайлылығы, салт-дәстүрі, шараны ұйымдастыруы да жоғары деңгейде болды. Олардың ұлттық асханасы да керемет әсер қалдырды. Сонымен қатар, тілдеріміздің де ұқсастығы байқалады. Мен үшін бұл іссапар үлкен тәжірибе болды. Алдағы уақытта бұдан да жоғары нәтиже көрсетуді мақсат еттім.

Ислам ҚҰЛЫНТАЕВ

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының №2 автотізбек жүргізушісі, III орын иегері:

Мекемеде жыл сайын өткізілетін «Үздік маман» байқауына қатысып, мықтылармен бірге неге бақ сынасып көрмеске деп ойлады. Дұрыс шешім қабылдаптын. Бұл байқау маған бір жағынан сынақ болса, екінші жағынан тәжірибе жинауға үлкен септігін тигізді. Осындай беделді байқаудың мүшесі болу мен үшін үлкен абырой деп білем. Әрине, конкурстың қиын тұстары көп болды. Көлікті баппен, мәнерлеп жүргізу және оған қоса уақытты да орынды пайдалана білу керек. Бұның барлығы жалпы ұпайға қосылады. Өзімнің шеберлігімді дұрыс көрсете алдым деп ойлаймын.



Ақ-Бота РАХИМОВА

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-нің ОИТҚ Сынақ зертханасы химиялық талдаудың 5-разрядты зертханашысы, III орынға ие болды:



– Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылғандығын, әсіресе, практикалық кезеңін атап өткім келеді. Бізді мол тәжірибесі бар тәуелсіз сарапшылар, өз ісінің майталман шеберлері бағалады. Бәсекелестік өте жоғары болды, себебі, ҚМГ компаниялары тобының үздік қызметкерлері қатысты. Жұмыс жасаған жылдары алынған тәжірибе мен білімімнің арқасында жеңіске жеттім деп айта аламын. Байқау үздіктерді анықтап қана қоймай, тәжірибе алмасу, басқа зертханада жұмыс жасайтын әріптестермен танысудың нағыз ортасы болып шықты.

Биылғы жылы практикалық бөлім жаңа форматта өтті – бір мерзімде 4 қатысушы талдау жүргізді. Мен жеңіске жететініме сенімді болдым, дегенмен жюри шешімімен маған үшінші орын бұйырды. ҚМГ басшылығына Татарстан аумағында осындай кең көлемде байқау өткізгені үшін алғысымды білдіргім келеді.

Батырбек КОШБАЕВ

